

Коньки спортынан Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жүлдесі үшін дәстүрлі жарыстар өткізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 қараша 1992 ж. N 965. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 810 қаулысымен

Республикамызда коньки спортын одан әрі дамыту, оның халықаралық ауқымдағы жетістіктерін бекемдей түсу, спорттық-техникалық нәтижелерінің өсуін ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Туризм, дене тәрбиесі және спорт министрлігінің коньки спортынан жыл сайын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жүлдесі үшін дәстүрлі жарыс өткізу туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жүлдесі үшін жарысқа қатысушыларды наградтауға, ерлер мен әйелдер арасындағы классикалық және спринтерлік көпсайыс бойынша алғашқы жүлделі үш орынға ие болғандарға кубоктар, бағалы сыйлықтар және:

1 - орынға	-	10	/он/	мың	теңге
2 - орынға	-	7	/жеті/	мың	теңге
3 - орынға	-	5	/бес/	мың	теңге

ал ерлер мен әйелдер арасындағы жеке қашықтықтарда бірінші орын үшін - 5 /бес/ мың теңге мөлшерінде ақшалай сыйлықтар тағайындалсын.<*>

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ақшалай сыйлық төлеу жөніндегі жыл сайынғы шығыстарды Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне спорттық-бұқаралық шаралар өткізу үшін көзделген бюджет қаражаты шегінде жүргізетін болсын. <*>

Ескерту. 2,3 тармақтары жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің 30.12.1994 ж. N 1493 қаулысына сәйкес.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі коньки спортынан жарыс жүлдегерлерін наградтау үшін жыл сайын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резервтік қорынан жүлделер мен бағалы сыйлықтар алу үшін қаржы бөлсін.

5. "Қазақ ССР Министрлер Советінің жүлдесі үшін коньки жарысы жеңімпаздарына сыйлық беру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1955 жылғы 14 қаңтардағы N 17 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК